

АРАЛЫҚ ЕСЕП
8-21 мамыр 2019 жыл

24 мамыр 2019 жыл

I. ҚЫСҚАША ШОЛУ

- 1991 жылдан бері келе жатқан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 19 наурызда 2019 жылы өз еркімен лауазымынан босатылды. Конституцияға сәйкес, Президент өкілеттілігі Сенат Төрағасына Қасым-Жомарт Тоқаевқа берілді. 9 сәуірде Қ.Тоқаев 9 маусымда өткізілетін кезектен тыс президенттік сайлау жайлы мәлімдеме жасады.
- Президент абсолютті көпшілікпен бес жылдық мерзімге сайланады. Егер кандидаттардың ешқайсысы дауыстың 50 пайызын ала алмаған жағдайда, екі ай ішінде ең жоғары дауыс алған екі кандидат арасында сайлаудың екінші туры өткізіледі.
- 2017 жылғы конституциялық реформаға сәйкес, Сайлау туралы заңға кандидаттарды тіркеу, сайлаушыларды тіркеу және төменгі деңгейдегі сайлау үрдісін ұйымдастыру құрылысына байланысты түзетулер енгізілді. ЕЫҚҰ/ДИАҚБ көптеген негізгі құқықтар мен бостандықтар, кандидаттардың құқықтары мен оларды тіркеу және БАҚ ортасына қатысты ұсыныстары жауапсыз қалды.
- Сайлауды ОСК, 232 территориялық сайлау комиссиялар (ТСК) мен 9,970 учаскелік сайлау комиссиялар (УСК) ұйымдастырады, сондай-ақ, олардың барлығы тұрақты мүшелер болып табылады. ОСК-ның жеті мүшесінің үшеуі және барлық ТСК мен УСК-ның 67 пайызы әйелдер. Сонымен қатар төменгі деңгейдегі комиссия мүшелерін оқыту жалғасуда. Кейбір ЕЫҚҰ/ДИАҚБ СБМ сұхбаттасушылары төменгі деңгейдегі комиссияларды тағайындау тетіктері олардың тәуелсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкіндігіне аландаушылық білдірді.
- Сайлаушылар саны-11.9 миллион. Сайлаушылар тізімдерін жергілікті атқарушы органдар (*Әкімдіктер*) жеке тұлғалар туралы мемлекеттік дерекқорға негізделі жасайды. Сайлаушылар тізімдеріне 25 мамырда өзгерістер енгізілуі мүмкін. Сайлаушылар сайлау күні өздерінің тұрақты тіркелген жері-сайлау учаскесіне жататындығын растай отырып, тізімге ене алады. ОСК ЕЫҚҰ/ДИАҚБ СБМ-ді сайлаушылардың тізімдерінің нақтылығын жетілдіруге бірқатар шаралар қолданылуы, сондай-ақ, оларды салыстыру мен жеке тұлғалар туралы мемлекеттік дерекқормен электронды біріктірілу күшейтілетіндігі жайлы хабарлады.
- Әлеуетті кандидат қатаң критерийлерге сай келуі тиіс, жоғары білімді, ел аумағында соңғы он бес жылда тұрған, сондай-ақ, азаматтық қызметте немесе үкіметтік лауазымда кемінде 5 жылдық тәжірибесі болуы керек. Қосымша талаптар Қазақ тілі емтиханын тапсыру мен қолдаушы қолдар жинаудан тұрды. ЕЫҚҰ/ДИАҚБ бірқатар сұхбаттасушылары президенттікке ұсынылу критерийлері шектелгендігіне және бәсекелестерді басу үшін бағытталғандығына аландаушылық білдірді. Жалпы саны жеті кандидат тіркелді. Бір үміткер тіл емтиханынан өте алған жоқ және бір кандидатура алынып тасталынды.
- Осы уақытқа дейін сайлау науқаны аса байқалған жоқ және плакаттар мен билбордтар шектеулі болып келеді. Сайлау науқаны қатаң бақылауға алынған және кандидаттар қоғамдық жиналыстар мен іс-шараларды жергілікті билік органдарынан он күн бұрын

рұқсат алынған соң өткізе алады. Таяуда тыйым салынған қозғалысының көшбасшысы шет елден әлеуметтік желілер арқылы сайлауға бойкот жариялау туралы шақыруда.

- Сайлау туралы заң сайлау науқанын мемлекеттік және жеке қаржыландыруларды қарастырады. ЕЫҚҰ/ДИАҚБ кейбір сұхбаттасушылары мемлекеттік қаржыландыруға өтініш беру, жұмсау мен есеп беру бойынша алаңдаушылық білдірді. 17 мамырға дейін барлық кандидаттар шот ашты және қаржы жинақтауды бастады.
- Конституцияда сөз бостандығы, БАҚ бостандығы мен ақпарат құралдарына қолжетімділікке кепілдендірілген. Айыптау мен кемсіту қылмыстық іс болып табылады. БАҚ сайлау науқанында жаңалықтар мен ақпараттық бағдарламалармен және кандидаттарға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуі тиіс. ЕЫҚҰ/ДИАҚБ көптеген сұхбаттасушыларының мәлімдемесіне сәйкес, кейбір электрондық БАҚ пен әлеуметтік желілер жиі бұғатталды. ЕЫҚҰ/ДИАҚБ кейбір сұхбаттасушылары телерадиотаратушы және баспа БАҚ-тары бейтарап емес екендігіне алаңдаушылық білдірді.
- Сайлауға қатысы шағымдар барлық мүдделі тұлғалармен сайлау комиссиясына немесе сотқа берілуі мүмкін. Бүгінге дейін, ОСК кандидаттарды тіркеу және үгіт насихатқа ережелерінің бұзылуына қатысты сегіз шағым қабылдады. Жоғарғы сот кандидаттарды тіркеу бойынша үш өтініш қабылдады, олардың екеуі қалдырылды және біреуі шешім күтуде.
- Сайлау туралы заң азаматтық және халықаралық бақылаушылар жұмыстарын қарастырады. Бірқатар азаматтық қауымдастықтар сайлау күні бақылаушыларды орналастыруды жоспарлауда.

II. КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының шақыруы бойынша 2019 жылы 9 маусымда өткізілетін кезектен тыс президенттік сайлау мен 16-18 сәуір аралығында Қажеттіліктерді бағалау жөніндегі миссияның ұсыныстары негізінде, 8 мамырда ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Сайлауды бақылау жөніндегі миссия (СБМ) іске асырылды.¹ Елші Уршула Гацек басқаратын СБМ Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан, сондай-ақ, 11 сарапшыдан құрылған және 14 мамырда елдің барлық облыстарына жіберілген 22 ұзақ мерзімді бақылаушылардан тұрады. Миссия мүшелері ЕҚЫҰ-ға мүше 20 елден шақырылды. Сайлау күні, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ дауыс беруді қадағалау, дауыстарды санау және нәтижелерді табыстау үшін 300 қысқа мерзімді бақылаушыларды ұсыну туралы сұраным жіберілді.

III. АЛҒЫШАРТТАР ЖӘНЕ САЯСИ МӘН-МӘТІН

19 мамырда Қазақстан Республикасының 1991 жылдан бергі Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өз еркімен президенттік өкілеттігін тоқтатты. Конституцияға сәйкес Сенат Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев президент қызметіне ресми түрде кіріскен болатын.² Нұрсұлтан Назарбаевқа Тұңғыш Президент – Ұлт көшбасшысы лауазымы беріліп, «Нұр-Отан» саяси партиясының басшысы және өмірінің соңына дейін Қауіпсіздік Кеңесінің төрағалық лауазымында қала бермек.³ 9 сәуірде Н.Назарбаевпен, Парламенттің қос палатасының

¹ Осыған дейінгі [Қазақстандағы ДИАҚБ баяндамаларын қараңыз](#).

² Конституцияда бекітілгендей Сенат Төрағасы президент міндетін қалған мерзімнің соңына дейін атқарады. Алдыңғы президент Н.Назарбаевтің лауазымдық мерзімі заңға сәйкес 2020 жылдың соңында аяқталады. Н.Назарбаевтің қызы Дариға Назарбаева жаңа Сенат Төрағасы лауазымына тағайындалды.

³ Қауіпсіздік Кеңесі жоғары мемлекеттік лауазымды тұлғаларды қамтиды, сонымен қатар, сыртқы, қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік саясатын жетілдіреді, сондай-ақ олардың мемлекеттік органдармен жүзеге

төрағаларымен және Премьер-Министрмен, сондай-ақ Конституционалдық Кеңеспен бірге кеңесе, Қ.Тоқаев 9 маусымда өткізілетін кезектен тыс президенттік сайлау жайлы мәлімдеді, сонымен қатар, сайлаудың еркін, ашық әрі әділ өтетіндігін айтып өтті.⁴ Аталмыш сайлау алтыншы кезектен тыс тікелей ұлттық сайлау болып табылады.

Қазақстан президенттік республика болып табылады, онда президентке Парламентті таратуға конституциялық өкілет беріледі. Президент ішкі және сыртқы саясатты айқындайды, ауқымды заңнамалық қызметтерді атқарады, ішкі және сыртқы істер министрлерімен қорғаныс министрлерін тағайындайды, сондай-ақ, Орталық сайлау комиссиясының (ОСК) төрағасы мен екі мүшесінің өкілеттігін тағайындайды. 2017 жылғы бұрынғы президент Н.Назарбаевтің бастамысымен жүргізілген конституциялық реформа Парламенттің рөлін күшейту және тежемелер мен теңестімелер жүйесін нығайтуға бағытталған. 2016 жылы өткізілген кезектен тыс Парламенттік сайлаудан соң «Нұр-Отан» партиясы Парламенттің төменгі палатасындағы (Мәжіліс) тікелей сайланатын 98 мандаттың 84-іне ие. Қосымша тоғыз мандатты президент тағайындайтын консультативтік орган – Қазақстан халқы ассамблеясы жанама түрде сайлайтын болады.⁵ Әйелдер Мәжілісте мандаттың 27 пайызына және 18 министрлік лауазымның 2-іне ие. Әйелдердің жалпы саяси қатысулары туралы мәселесін БҰҰ-ның Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою комитеті (СИДО) көтерді.⁶

Кезектен тыс сайлау өткізу туралы мәлімдеме жарияланғаннан соң ірі қалаларда наразылық білдірілді, сондай-ақ барлық саяси тұтқындарды босатылуы талап етіліп, сайлауға бойкот жариялауға шақырды. Билік органдары аталмыш жиналыстарды заңсыз деп танып, ондаған адамдарды тұтқынға алды.⁷ Бірқатар халықаралық ұйымдар Қазақстандағы адам құқықтары мәселелері мен саяси қатысу мүмкіндіктері жайлы алаңдаушылық білдірді.⁸ Соңғы жылдары кейбір оппозициялық партияларға шектелген заңнама немесе қылмыстық қудалау нәтижесінде тыйым салынды және шеттетілді.⁹

IV. САЙЛАУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ НОРМАТИВТІ-ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА

Президент біріңғай жалпыұлттық сайлау округінде абсолютті көпшілікпен бес жылдық мерзімге сайланады.¹⁰ Кандидаттардың бірде-бірі дауыстардың 50 пайызын ала алмаған жағдайда, ОСК өзі белгілеген күні екі айдың ішінде қайтадан дауыс беру жүргізеді, оған

асырылуын бақылайды, құқықтық актілерді бағалайды және президентке кеңесшілік етеді. Сонымен қатар, Тұңғыш Президентке заңды түрде өмірінің соңына дейін үкімет пен басқа да лауазымды тұлғаларға бастамаларды көтеру құқығы, сондай-ақ, ел саясатын басқаруды үйлестіруге елеулі өкілеттік беріледі.

⁴ [Президенттің 9 сәуірдегі халыққа жолдауын](#) қараңыз.

⁵ Екі партия парламентке ұсынылды: «Ақ жол» және «Қазақстан Коммунистік халық партиялары», әрқайсысында 7 мандат.

⁶ СИДО [Қазақстандағы үшінші және төртінші жинақталған мерзімді баяндамаға қорытынды ескертулерді](#) (2014 жыл) қараңыз.

⁷ 21 сәуірде #әділсайлау үшін және #мендетандаубар атты хэштегтермен «Шындықтан қашып құтыла алмайсың» деген жазуы бар баннерлерді Алматы қаласында болған марафон кезінде іліп қойғаны үшін екі белсенді 15 күндік әкімшілік қамауға алынды. 1 мамыр – Қазақстан Халықтарының Бірлігі күні және 9 мамыр – Жеңіс күні мерекелері қарсаңында наразылық білдірушілер саяси тұтқындарды бостауды талап етті және аталмыш сайлауға бойкот жариялауға шақырды. Наразылық Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтөбе, Шымкент және Орал қаларында орын алды.

⁸ 2016 жылғы БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетінің (АҚК) [Қазақстандағы екінші мерзімдік баяндамасына қорытынды ескертулерін](#) қараңыз.

⁹ 2015 жылы Алматы Экономикалық соты мүшелер тізімінің сәйкессіздігіне байланысты «Қазақстан коммунистік халық партиясының» жұмысын тоқтату туралы бұйрық шығарды. 2012 жылы «Алға» тіркелмеген саяси партиясының көшбасшысының тұтқынға алынуы себебінен сот партияны экстремисттік деп танып, партия жұмысын жалғастыруына тыйым салды.

¹⁰ Қатарынан екі реттен артық президенттікке сайлануға конституциялық шек қойылған шектеу Тұңғыш Президентке қолданылмайды.

неғұрлым көбірек дауыс санын жинаған екі кандидат қатысады.¹¹ Екінші турда ең көп дауыс санын алған кандидат сайланады.

Қазақстан демократиялық сайлауларды өткізуге қатысты ірі халықаралық және аймақтық құралдарға мүшелік етеді.¹² Президенттік сайлауға қатысты нормативті-құқықтық база Конституция мен Сайлау туралы конституциялық заңмен (Сайлау туралы заң) шектеледі.¹³ ОСК заңнамалық кемшіліктерді жою туралы ережелерді шығарады.¹⁴

Өкілеттіліктерді қайта бөлуден басқа 2017 жылы кандидаттың өзін-өзі ұсынуды тоқтату бойынша конституциялық түзетулер енгізілді және президенттікке кандидаттыққа түсу үшін жоғары білімнің болуы қосымша талабы енгізілді, сондай-ақ, кандидаттыққа ұсынылуға заңмен белгіленген қосымша жағдай жасалынуға рұқсат етілді. Бұл 2017 жылы Сайлау туралы заңға, жаңа кандидаттарды іріктеу критерийлерін енгізуге, сонымен қатар, сайлаушыларды тіркеу мен сайлау үрдісін басқару құрылыстарына өзгертулер енгізуге мүмкіндік береді. Алайда, ЕЫҚҰ/ДИАҚБ көптеген бұрынғы негізгі құқықтар және бостандықтармен қатар, сайлау үрдісін басқарудың бейтараптылығы, кандидаттардың құқықтары мен оларды тіркеу, БАҚ ортасына қатысты ұсыныстары жауапсыз қалды. ЕЫҚҰ/ДИАҚБ СБМ-ның бірқатар байланысушы тұлғалары президенттік сайлауда кандидаттыққа ұсынылу құқығының шектелуіне қатысты енгізілген соңғы өзгерістердің жалпы нормативті-құқықтық базаның күшіне енуіне қатысты алаңдаушылық білдірді. Сонымен қатар, олар қазіргі нормативті-құқықтық база мен оның жүзеге асырылуы сөз бостандығына, жиналыстар мен бірлестіктердің негізгі бостандықтарына қойылған шектеулерге қатысты еркін сайлау науқанын өткізуге кедергі болатындығын мәлімдеді.¹⁵

V. САЙЛАУ ҮРДІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Сайлау үрдісін басқару ОСК-мен, 232 территориялық сайлау комиссиялар (ТСК) мен 9,970 учаскелік сайлау комиссияларынан (УСК) тұратын үш деңгейлі жүйесімен жүзеге асырылады.¹⁶ ОСК-ның жеті мүшесінің үшеуі және төмен деңгейлі комиссиялардың 67 пайызы әйелдер.

ОСК мен ТСК құрамында бес жылдық мерзімге сайланатын жеті мүше бар. Сайлау туралы заңға қатысты 2018 жылы енгізілген өзгертулер УСК мүшелер саны қызмет ететін

¹¹ ОСК қажет болған жағдайда екінші турдың күнін тек 9 майсымдағы сайлау нәтижелері жарияланғаннан кейін белгілейтіндігін ЕЫҚҰ/ДИАҚБ-ға мәлімдеді.

¹² 1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактісін (АСХҚП), 1979 жылғы Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенциясын (СИДО), 1965 жылғы Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияны, 2003 жылғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенцияны, 2006 жылғы Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны (МҚК) және 2002 жылғы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдердегі Демократиялық сайлаудың, сайлау құқықтары мен бостандықтарының стандарттары туралы конвенцияны қоса алғанда. Қазақстан «Демократия үшін құқық арқылы» Еуропалық комиссия Кеңесіне мүшелік етеді (Венециялық комиссия).

¹³ Қолданылатын басқа заңдар Тұңғыш Президент туралы заңды, Тұңғыш Президент – Елбасы туралы Конституциялық заңды, Мемлекеттік қызмет туралы заңды, Қоғамдық бірлестіктер туралы заңды, Бейбіт жиналыстарды, кездесулерді, шерулерді, пикеттер мен митингтерді өткізуді ұйымдастыру және өткізу рәсімдері туралы заңды (Бейбіт жиналыстарды өткізу туралы заң), Қылмыстық Кодексті, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін және Азаматтық іс жүргізу кодексін қамтиды.

¹⁴ Аталмыш сайлау үшін ОСК алғашқы туры үшін сайлау іс-шараларын күнтүзбелік жоспарын қабылдады және мүгедектердің дауыс беруі, сонымен қатар БАҚ және қолдаушы қолдардың растығын тексеру туралы ұсыныстарға қатысты бірқатар мәселелерді шешті.

¹⁵ БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетінің (АҚК) 2016 жылғы [Қазақстанның екінші мерзімді баяндамасына қорытынды ескертулердің](#) 51-53 тарауын қараңыз.

¹⁶ 14 облыстық ТСК, 163 аудандық ТСК, 36 қалалық ТСК, Нұс-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалры үшін 3 қалалық ТСК, сондай-ақ 16 қалалық аудандар ТСК белгіленді. 51 елші мен кеңесшілер шетелдік дауыс беру үшін 65 УСК құрды.

сайлаушылар санына қарай 5-11 және тақ болады.¹⁷ Сонымен қатар, заң бойынша ТСК мен УСК мүшелерінің жартысынан кемі бір мекемеден тағайындалуына мүмкіндік беріледі. ОСК төрағасын және оның екі мүшесін президент тағайындайды, ал Сенат пен *Мәжіліс* қалған екі мүшесін бекітеді. Төменгі деңгейдегі комиссия мүшелері жергілікті кеңестермен (*Мәслихаттар*) тіркелген саяси партиялардың кандидаттарды ұсынуына негізделіп таңдалынады және ұсыныстар жеткіліксіз болған жағдайда, коммерциялық емес және мемлекеттік қауымдастықтардан, сондай-ақ жоғарғы сайлау комиссиясынан бекітіледі. Ұсыныстар жеткіліксіз болған жағдайда, коммерциялық емес және қоғамдық бірлестіктерден түскен өтініштер қабылданады, егер ол өтініштер жеткіліксіз болған жағдайда, жоғарғы сайлау комиссиясының өтініштері қарастырылады.¹⁸ *Мәслихаттар* дауыс беру арқылы барлық дауысқа қатысушы тұлғаларды қабылдап немесе олардан бас тарта алады. Саяси партиялар мен бірлестіктер өздерінің ұйымдарына мүшелік етпейтін адамдарды ұсына алады. Төменгі деңгейдегі комиссиялардың жаңа құрамы 2019 жылдың қаңтар айында бекітілді.¹⁹ ОСК мәлемдемесіне сәйкес, тіркелген жеті саяси партияның бесеуі тең өкілеттілікке ие.²⁰ ОСК ЕЫҚҰ/ДИАҚБ СБМ комиссиялары теңдестірілген және инклюзивті тәртіппен бекітілгенімен, кейбір ЕЫҚҰ/ДИАҚБ СБМ-ның байланысушы тұлғалары сайлау комиссияларын тағайындау тетіктері олардың тәуелсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкіндігіне алаңдаушылық білдірді.

ОСК жүйелі түрде отырыстарды өткізеді және оған бақылаушылар, БАҚ мен партия өкілдері қатысады. ОСК-мен қатар көптеген комиссиялар ЕЫҚҰ/ДИАҚБ СБМ-ға ақпарат беруде әрқашан ашық және дайын. Осы уақытқа дейін ОСК шешімдері талқыланбастан қабылданды, бірауыздан дауыс берілді және өз вебсайттарында уақытылы жарияланды. Дегенмен, ОСК өзге қоғам мүшелері қатыса алмайтын, іске қатысты дайындық кездесулерін өткізді.

Сайлау күні рәсімдерін өткізетін жаңа комиссия мүшелері үшін жасалған жалпыұлттық дайындық бағдарламалары 27 сәуірде басталған болатын және ол қазіргі күнге дейін жалғасуда. ОСК толыққанды вебсайтты жүргізіп отыр және түрлі БАҚ-та жүйелі түрде эфирлік уақытта көрсетілетін бірқатар түрлі дауыс беру жайлы оқыту бейнематериалдарын шығарды. Тіптен, әрбір отырыстан кейін ОСК баспасөз шараларын өткізеді, БАҚ өкілдері отырыстың күн тәртібіне қатысы жоқ мәселелерді қарастыруға құқылы емес.

VI. САЙЛАУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ

Сот іс-әрекетіне қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ, жасалған қылмыстардың ауырлығына қарамастан, сот үкімі бойынша бас бостандығынан айырылған тұлғаларды қоспағанда, 18 жасқа толған барлық азаматтар дауыс беруге құқылы.²¹ Сайлаушыларды тіркеу пассивтік болып табылады. Заңға еңгізілген таяудағы өзгерістерге сәйкес, жергілікті атқарушы органдарға (*Әкімдіктер*) Әділет министрлігі жүргізетін мемлекеттік азаматтық тіркелімнің деректеріне негізделе отырып сайлаушылардың тізімдерін жасау тапсырылды.²² *Әкімдіктер* тиісті ТСК-ге деректерді жылына екі рет ұсынады. ТСК сайлаушылардың тізімдерін ОСК-ның сайлаушылар

¹⁷ 1000 сайлаушыға дейін бес мүше, 1001-2000 сайлаушыға дейін жеті мүше, 2001-2500 сайлаушыға дейін тоғыз мүше және 2501-3000 сайлаушыға дейін он бір мүше. Осыған дейін комиссия мүшелерінің барлық саны жетеу болды.

¹⁸ ОСК ұсынған мәліметтерге сәйкес, мүшелердің 68.7 пайызы түрлі партиялар, ал қалған 29.9 пайызы қоғамдық бірлестіктер, сондай-ақ, 1.4 пайызы жоғары деңгейлі сайлау комиссиялары болып табылады.

¹⁹ ОСК ұсынған мәліметтерге сәйкес, жаңадан тағайындалған ТСК мен УСК жаңа мүшелердің 40 пайызын қамтиды.

²⁰ Жалпы ұлттық социал-демократиялық партия 5 ТСК және 68 УСК мүшелерін ұсынды, ал «Азат» партиясы мүшелер ұсынған жоқ.

²¹ Мүгедектердің құқықтары туралы БҰҰ арнайы баяндамашысының 2018 жылы 19 қаңтардағы [баяндамасының](#) 55 тарауын қараңыз.

²² Осыған дейін 2018 жылы Сайлау туралы заңға түзетулер еңгізілді, *Әкімшіліктер* халықты тіркейтін институттар және үйлерді аралау арқылы жинақталған ақпаратқа негізделе отырып, тізімдерді жасады.

тіркелген электронды бірінғай тізімін біріктіретін жеке дерекқормен салыстыратын болады.²³ Қандайда бір түсініспеушілік орын алған жағдайда, оларды қарау үшін *Әкімдіктерге* жіберіледі.²⁴

Әкімдіктермен жіберілген сайлаушылар тізімдерінің үзінділері тиісті УСК-ге 20 мамыр күні және сайлау учаскелерін қоғамдық бақылау үшін 25 мамырда қолжетімді болады.²⁵ Сол күннен бастап сайлау күніне дейін азаматтар сайлаушылар тізіміне енгізілген өзгерістерге өтініш бере алады. ОСК-ға сәйкес, сайлау күні немесе таныстыру кезеңінде ТСК-мен енгізілген кез-келген түзетулер мен қосымшалар *Әкімдіктер* мен ОСК жүргізетін сайлаушыларды электронды тіркелімінде көрсетілмейді.

Сайлаушылар тұрақты тұрғылықты жеріне байланысты сайлаушылар тізіміне енеді. Сайлау күні тұрақты тұрғылықты тіркелген жерінде болмайтын азаматтар, дауыс беруге 30 күн қалғанда сайлау тізіміне уақытша енуге өтініш бере алады. Сайлаушылар тізіміне енгізілмеген сайлау құқығына ие тұлғалар, тұрғылықты мекенжайының сайлау учаскесіне енетінін растай отырып сайлау күні тізімге енуі мүмкін. ОСК сайлаушылар саны 1 қаңтарда 11,947,995 болғандығын хабарлады. Сонымен қатар, сайлау күніне дейінгі 16 күн мерзімде сайлаушылар есептеп шығару куәлігін (ЕШК) алуға өтініш бере алады, ол сайлаушыларға өздері тіркелген қаладан, ауылдан немесе селодан тыс кез-келген сайлау учаскесінде дауыс беру мүмкіндігін береді. ОСК-ге сәйкес, ЕШК сериялық нөмерлері сайлау кезінде УСК-нің сайлаушылар тізімінің көшірмесінде болуы керек. Сайлаушылар 4-8 маусым аралығында арнайы сайлау учаскесінде тіркеле алады.²⁶ Алайда, ОСК-ға сәйкес, сайлаушылар тұрақты тұрғылықты мекенжайынан аталмыш үрдістер үшін уақыттың тапшылығына сайлаушылар тізімінен шығарылмайды. ОСК ЕЫҚҰ/ДИАҚБ СБМ-ны жазбаларды салыстыру жеке тұлғалар туралы мемлекеттік дерекқорларын электронды түрде біріктіруді күшейтумен қатар, тіркеу үрдісін жетілдіру мен сайлаушылар тізімінің нақтылығын жоғарылату қолға алынғанын хабарлағанымен, екі реттік тіркелуге байланысты бірнеше дауыс беру мүмкіндігі мен ЕШК қолданылуы алаңдаушылық тудыруда.

VII. КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ

Кандидаттар 2017 жылғы түзетулерге сәйкес, өзін-өзі ұсыну мүмкіндігінің жойылуы себебінен, саяси партиялармен немесе тіркелген қоғамдық бірлестіктермен ұсыныла алады. Сонымен қатар, дауыс беру құқығына ие әлеуетті кандидат тумысынан Қазақстан Республикасының азаматы болуы тиіс, жасы 40 жастан кем емес, Қазақ тілін жетік меңгерген, жоғары білімді және ел аймағында кем дегенде соңғы он бес жыл бойы тұруы керек.²⁷ Заң қылмыстық жазасын өтеуші (шартты түрде өтеуді қоса алғанда) тұлғалар, соттылығы өтелмеген тұлғалар немесе қылмыс үшін сотталғандар немесе сыбайлас жемқорлық әрекеттерін қоса алғанда әкімшілік жазаға тартылғандарды сайлауға түсу құқығынан айырады. Сайлау туралы заңға 2017 жылы енгізілген түзетулер президенттікке кандидаттыққа ұсынылу үшін бес жыл мемлекеттік қызметкер болу мен медициналық тексерістен өту сынды қосымша талаптарды жүктейді.²⁸

²³ ОСК-нің ТСК-ден алған деректертері мен ОСК мәліметтері бір көзден алынған (жеке тұлғалар дерекқоры)

²⁴ Заңға сәйкес, *Әкімшіліктер* сайлаушылар тізімінің құрылуына және оның нақтылығына жауапты.

²⁵ Тізімдердің электронды түрі ТСК-лерге жіберілді және олар ОСК-ке жіберіледі.

²⁶ Демалыс үйлерінде, ауруханалар мен басқа да медициналық орталарда, елді-мекендерде, тергеу изоляторларында, консулдық мекемелерде және шет мемлекеттердегі ҚР өкілдіктерінде, әскери бөлімдерде және жүзуде жүрген кемелерде арнайы сайлау учаскелері ұйымдастырылды.

²⁷ 2011 жылдан 2013 жылға дейін Женевадағы БҰҰ бөлімінің бас директоры қызметін атарған Қ.Тоқаевтің өтініші бойынша, Конституциялық Кеңес дипломатиялық қызмет мақсатында шетелде тұру Қазақстан аумағындағы ресми тұруды тоқтатпайтыны туралы қаулы шығарды.

²⁸ [Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің](#) мәліметіне сәйкес, қазірде 90,932 мемлекеттік қызметкер бар. 2019 жылы 13 сәуірде ОСК мен

Жалпы тоғыз кандидат ұсынылды және ОСК кандидаттың сәйкестігін растау кезеңі 28 сәуірде басталып, 3 мамырда аяқталды және бұл кезеңде кандидаттардың қазақ тілін жетік білуін растау үшін ОСК ұйымдастырған тіл емтиханы тапсырылды.²⁹ ОСК 2005 жылғы шешіміне сәйкес, тіл емтиханы шығарма жазу, мәнерлеп оқу және 15 минут бойы қоғам алдында сөз сөйлеуден тұрды. Кейбір ЕЫҚҰ/ДИАҚБ СБМ өкілдері пәндер бойынша бағалауда нәтижесі көрсетілетін бағалау критерийлерінің жоқтығын тіл емтиханын сынға алды.

Бір әлеуетті кандидат тіл емтиханынан өткен жоқ және бір үміткердің кандидаттылығы ұсынылған бірлестікпен кері қайтарылды.³⁰ Қалған жеті үміткер өз кандидатурасын қолдаған сайлаушылардың қолын жинау үшін парақтар алды және аталмыш қолдар тіркелген сайлаушылардың жалпы санының кем дегенде бір пайызын құрауы тиіс (аталмыш сайлау үшін 118,140). ТСК-ке қолдардың шынайылығын тексеру және нәтижелерді ОСК-ге жеткізу үшін бес күн беріледі.³¹ ОСК-ға сәйкес, барлық жеті кандидат қолдардың қажетті санын жинаған. ЕЫҚҰ/ДИАҚБ СБМ бірқатар өкілдерімен бірге, бір үміткер президенттікке кандидат ретінде ұсынылу критерийі шектелген және бәсекелестікті басуға бағытталғандығы жайлы алаңдаушылығын білдірді.³²

Қажетті салық декларациясын өздері мен жұбайлары үшін ұсынғаннан және 5000 еуро мөлшеріндегі сайлау депозитін тапсырғаннан соң, жеті ұсынылушы ОСК-де кандидат ретінде тіркелді және олардың біреуі әйел болып табылады.³³ Заңға сәйкес, кандидаттар сайлау бюллетендерінде алфавиттік тәртібімен орналастырылады.³⁴ Кандидаттар санының өсуі жағымды тұсынан қарастырылғанымен, көптеген ЕЫҚҰ/ДИАҚБ СБМ сұхбаттасушылары олардың көпшілігі шынайы саяси балама болып табылмайды деп санайды.

VIII. САЙЛАУ НАУҚАНЫН ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Сайлау науқаны бірінғай барлық кандидаттар үшін кандидаттарды тіркеу үдерісі аяқталғаннан кейінгі келесі күні, 11 мамырда басталды және 7 маусымға дейін жалғасатын болады. Конституция бойынша жиналыстар еркіндігіне кепілдік берілсе де, кез келген бейбіт жиналыстарды өткізу туралы заңға сәйкес, науқан қатаң бақылауда болады. Кандидаттар жариялы іс-шараны өткізу датасына он күн қалғанда, жоспарланған іс-шараның сипаты қамтылған өтінімді тиісті жергілікті атқарушы органдарға өтінім ұсынғаннан соң өткізе алады. Өтініште кездесудің мақсаты, форматы, орны, басталу және аяқталу уақыты, қатысушылардың шамамен алғандағы саны, ұйымдастырушылардың аты-жөндері көрсетілуі тиіс. Жергілікті билік органдар науқан өтетін орындарды белгілейді. ЕЫҚҰ/ДИАҚБ СБМ

Денсаулық сақтау министрлігінің бірлескен шешімі бойынша кандидаттарды тіркеудің алдын алу 107 психологиялық жағдай тізімі құрылды.

²⁹ Заңға сәйкес, қазіргі президент тіл емтиханын тапсырудан босатылады.

³⁰ Жұматай Алиев тіл емтиханнан өте алмау себебінен 6 мамырда Жоғарғы сотқа шағымданды және оның кандидаттығы алынып тасталынды.

³¹ ОСК ТСК бір адам бірнеше сайлаушының атынан дауыс берген немесе бір кандидатқа бірнеше рет дауыс берілген жағдайда тексеру арқылы қолдар үшін тоғыз негіздемені жарамсыз деп табуға ұсыныс білдірді. ТСК заңды саналатын басқа негіздемелерге қатысты қолдарды жарамсыз деп таба алады.

³² ОСК-ға кандидаттарды ұсыну критерийіне және өзін-өзі ұсынуға қатысты 13 шағым түсті және екеуі Жоғарғы сотқа жіберілді.

³³ Депозит 2,125,000 қазақстандық теңге (KZT), жалақының ең төменгі мөлшерінен 50 есе; шамамен 1 Еуро = 426 теңге болып табылады. Депозит кем дегенде дауыстың бес пайызын алған кандидатқа ғана қайтарылады.

³⁴ «Қазақстан коммунистік халық партиясы» ұсынған Жамбыл Ахметов, «Ақ жол» Демократиялық партиясыны ұсынған Дания Еспаева, «Ұлт тағдыры» ұлттық-патриоттық қозғалысы қоғамдық бірлестігі ұсынған Әміржан Қосанов, «Ауыл» халықтық демократиялық-патриоттық партиясы ұсынған Төлеутай Рахымбеков, «Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы» республикалық кәсіподақ бірлестігі ұсынған Амангелді Таспихов, «Нұр Отан» партиясы ұсынған Қасым-Жомарт Тоқаев және «Ұлы дала қырандары» республикалық қозғалысы ұсынған Сәдібек Түгел.

кейбір сұхбаттасушылары аталмыш жүйенің іс-шараны өткізу туралы ескертуге қарағанда бейбіт жиналыстарды өткізу еркіндігін шектеуге бағытталғандығына алаңдаушылық білдіреді.³⁵

Осы уақытқа дейін ЕЫҚҰ/ДИАҚБ СБМ сайлау науқанын аса байқаған жоқ және кейбір кандидаттардың плакаттары мен билбордтарымен шектелген. Қ. Тоқаевтің кейбір сайлауалды үгіт-насихат плакаттарында Тұңғыш Президент Н.Назарбаевпен бірге оның бастамасымен жасалған әлеуметтік, экономикалық, сыртқы саясатының өз жалғасын табатыны және жүзеге асырылатыны айрықша көрсетілген. ЕЫҚҰ/ДИАҚБ СБМ кандидаттардың көпшілігі реформалардың қажеттігі туралы жалпылама мәлімдеме жасағанымен, өздерінің негізгі саяси қағидаларын айқын көрсетпеген. Қ. Тоқаев бірнеше жиналыстарға ғана қатысумен шектеліп, белсенді үгіт-насихат жүргізбейтінін мәлімдеген болса да, президент ретінде ел облыстарын белсенді аралауда. Таяуда тыйым салынған «Қазақстанның демократиялық таңдауы» қозғалысының қуылған көшбасшысы шет елден әлеуметтік желілер арқылы сайлауға бойкот жариялау туралы шақыруда. Осы уақытқа дейін ЕЫҚҰ/ДИАҚБ СБМ бақылаушылары мемлекет бойынша сайлау науқаны іс-шараларының шектеулі санын белгіледі және екі сайлау науқаны іс-шарасын бақылады.

IX. САЙЛАУ НАУҚАНЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Сайлау туралы заң сайлау науқандарын мемлекеттік және жеке қаржыландырумен қамтамасыз етеді. Кандидаттар БАҚ, сайлау науқанының басылым материалдары және мемлекеттік бюджетпен ұйымдастырылған жиналыстарға кеткен шығындарды жаба алады. Сайлау науқаны мақсатында кандидатқа бөлінетін мемлекеттік қаржы мөлшерін ОСК анықтайды.³⁶ Кейбір ЕЫҚҰ/ДИАҚБ ОСК сұхбаттасушылары мемлекеттік қаржыландыруға өтініш беру, оны жұмсау мен есеп беруге қатысты кешенді үрдістерге қатысты, сондай-ақ, кейбір кандидаттар аталмыш қаржыландыруға өтініш беруден бас тартқанына алаңдаушылық білдіреді.

Жеке қаржыландыру қорлары кандидаттардың өздерінің жеке қорлары, кандидаттарды ұсынған саяси партиялардың немесе бірлестіктердің және өзге де жеке тұлғалар, сондай-ақ, заңды тұлғалардың салымдарынан тұруы мүмкін.³⁷ Мемлекет, қайырымдылық, діни қауымдастықтар салымдарына, сондай-ақ, шетелдік және анонимді қаржы көздеріне тыйым салынады. Кандидаттар тіркеуден өткен күні ОСК бекіткен банкте арнайы есеп шотын ашуға міндетті. Барлық кандидаттарға қаржы жинақтаудың бірінғай күні белгіленбеген.³⁸ Банк ОСК-ға апта сайын салымдар мен шығыстар жайлы, сондай-ақ, шығыстар шектелген лимиттен асып кеткен жағдайда хабарлап отырады.³⁹ 17 мамырға жуық барлық кандидаттар шоттарын ашты және қаржы жинақтауды бастады.⁴⁰

³⁵ БҰҰ бейбіт жиналыстар мен бірлестіктер бостандығы жөніндегі арнайы баяндамашысының [2015жылғыбаяндамасын](#) қараңыз.

³⁶ Әрбір кандидат ТВ-ға шығу үшін 5,250,000 теңге (шамамен 12,350 Еуро) and радиоға 200,000 теңге (470 Еуро); Баспасөз БАҚ басылымдары үшін 810,000 теңге (1,900 Еуро); қоғамдық іс-шараларды өткізу үшін 200,000 теңге (470 Еуро); үгіт-насихат материалдарын басып шығару үшін 400,000 теңге (940 Еуро) және транспорттық шығындар үшін 471,200 теңге (1,110 Еуро) алуға құқылы.

³⁷ Кандидаттар мен ұсынушы органдардың меншікті қаражаты 12,000 жалақының ең төменгі мөлшерінен (шамамен 1.2 Еуро) және қайырымдылық 15,000 жалақының ең төменгі мөлшерінен (шамамен 1.5 миллион Еуро) аспауы тиіс. Заңға сәйкес, кандидаттардың шығындары жеке және мемлекеттік қорлармен шектеледі (шамамен 2.72миллион Еуро).

³⁸ Барлық транзакциялар 2019 жылы 8 маусым күні сағ. 18:00-де тоқтатылуы тиіс.

³⁹ ОСК сайлау науқаны барысында жеке-меншік қорлардан шығыстардың жүзеге асырылмауына қосымша бақылау жүргізілмегендігін ЕЫҚҰ СБМ-ге хабарлады.

⁴⁰ ОСК мәлімдемесі бойынша, Қ.Тоқаев пен Ж.Ахметов ең көп салымдар жинады (шамамен 2.4 миллион Еуро және 0.8 миллион Еуро,сәйкесінше). Басқа кандидаттар бірлесе шамамен 1.12миллион Еуро жинады.

Сайлау күнінен бұрын сайлау науқанын қаржыландыру жайлы кандидаттар тарабынан есеп беру міндеттелмейді. Сайлау нәтижелері жарияланғаннан кейін бес күннен соң, кандидаттар сайлау науқанына бөлінген қаржыны жұмсау жайлы есепті ОСК-ға тапсыруға міндетті және аталмыш есеп ОСК-ның вебсайтында жарияланатын болады. Сайлау науқанын қаржыландыру туралы ережені бұзған жағдайда кандидат тіркеуден алынып тасталынады. Сайлаудан кейін және ұтқан кандидаттың инаугурациясына кіріскенге дейін сайлау науқанын қаржыландыру туралы ереже бұзылған жағдайда сайлау нәтижелері жарамсыз болып табылады.

X. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ

Конституцияда сөз бостандығымен ақпарат құралдарына қолжетімділікке кепілдендірілген, бірақ БАҚ нормативтік-құқықтық базасы бірқатар шектеулермен шектеледі. Айыптау, әлеуметтік, ұлттық және діни арыздықты тудыруға арандату, жалған ақпаратты тарату сынды қылмыстық істтер 20 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасына тартылатын болып табылады. ЕЫҚҰ БАҚ бостандығы жөніндегі өкілі бірқатар көптеген тілшілер қысыммен және қорқынышпен жұмыс жасайды, сондай-ақ, оларда ақпаратқа, әсіресе, билік органдары ұсынатын мемлекеттік ақпаратқа қолжетімділіктің жоқтығын, сонымен қатар, Қазақстанда тілшілерді қалдыру аса алаңдататын жайт екендігін бірнеше рет мәлімдеді.⁴¹

Теледидар саяси ақпараттың қайнар көзі болып табылады. Қоғамдық теледидар жоқ, эфирлік уақыт пен баспасөз құралдары мемлекет тарапынан толықтай немесе ішінара қаржыландырылады. ЕЫҚҰ/ДИАҚБ СБМ сұхбаттасушыларының мәлімдемесі бойынша, мемлекет тарапынан қаржыландырылатын БАҚ-та басқа БАҚ-пен салыстырғанда ресми көздердегі ақпаратқа қолжетімділік әлдеқайда жоғары. Ұлттық және жергілікті билік органдары белгілі бір тақырыптар немесе қоғам мүддесінің іс-шараларын қамтамасыз ету үшін жиі тендерлер ұйымдастырады және олар белгілі бір БАҚ-қа елеулі табыс әкеледі. Заңға сәйкес, БАҚ әлеуметтік желілерді де қамтиды.⁴² Баспа көздері де кең таралған.

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің басшылығымен Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті (БАҚ мәселелері бойынша комитет) БАҚ хабарларын таратуды қадағалауды және оны таратуға лицензия беруге жауапты. БАҚ мәселелері бойынша комитеті, сондай-ақ, Бас прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік комитеті сот шешімінсіз БАҚ көздерінің жұмыс жасауына тыйым салуына және вебсайттарды шектеуге құқылы. ЕЫҚҰ/ДИАҚБ СБМ бірқатар сұхбаттасушыларының мәлімдемесіне сәйкес, белгілі бір онлайн көздерге қолжетімділік уақытша тоқтатылды. 9 мамырда Facebook, Instagram және YouTube сынды бірнеше интернет құралдары қолжетімді болған жоқ.⁴³ Билік өкілдері сол күні қызмет көрсетушілерге байланысты техникалық мәселелер болғанын мәлімдеді.⁴⁴

Сайлау туралы заң БАҚ-ты сайлау науқандарын объективті жариялауға және кандидаттар мен саяси партиялардың БАҚ-қа тең қолжетімділікті міндеттейді. Әрбір кандидатқа телевизияда 15 минут және радиода 10 минут эфирлік уақыт, сондай-ақ, баспа басылымдарында екі мақала жариялауға қаржы бөлінеді.⁴⁵ Ақылы жарнама тек жалпы науқан шығындарымен шектеледі. Қоғамдық пікірді жариялауды тек ОСК уәкілеттік берген ұйымдар жүргізе алады және ол сайлау күнінен бес күн бұрын жарияланады. Сонымен қатар, ОСК БАҚ-та сайлау науқаны кезінде кандидаттар арасында дебаттарды ұйымдастыру ережелерін құрастырумен айналысады. Бүгінге дейін ешқандай дебат жарияланған жоқ.

⁴¹ ЕЫҚҰ БАҚ бостандығы жөніндегі өкілінің [2018жылы 5 сәуір](#), [2018жылы 8 қараша](#), және [2019жылы 27 ақпандағы мәлімдемесін қараңыз](#).

⁴² Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің мәліметіне сәйкес, халықтың 77 пайызы интернетке қолжетімді.

⁴³ 2018 жылы 10 мамырдағы [мәлімдемесін](#) қараңыз.

⁴⁴ Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 14 мамырдағы [мәлімдемесін](#) қараңыз:

⁴⁵ Электронды БАҚ үшін тек ресми тіркелген көздер ғана, кандидаттарға орын ұсынуға құқылы.

ОСК БАҚ-тың Сайлау туралы заңға сәйкес жұмыс жасауын қадағалауға міндетті, бірақ оның санкция күші жоқ. БАҚ-пен байланысты шағымдар ОСК немесе Бас прокуратураға жіберілуі мүмкін. Бүгінге дейін, БАҚ мәселелері бойынша комитеті Бас прокуратураға электрондық БАҚ-та қоғамдық пікірді жариялауға қатысты екі заң бұзушылық ісін жіберді.

11 наурыз күні ЕЫҚҰ/ДИАҚБ СБМ бес телеарнаға, бір радиостанцияға, бес газетке және үш электрондық БАҚ-қа сандық және сапалық мониторинг жүргізуге кірісті.⁴⁶

XI. ШАҒЫМДАР МЕН ӨТІНІШТЕР

Сайлауға қатысты шағымдар мен өтініштер мәлімденген заң бұзушылық орын алған он күннің ішінде сайлау комиссиясына немесе барлық мүдделі тұлғалармен қатар, сотқа да берілуі мүмкін.⁴⁷ Сайлау комиссиясы шағымдарды бес күн ішінде қарап шыға алады, ал төменгі деңгейдегі комиссиялардың шешімдеріне қатысты шағымдар үш күн ішінде қарастырылады. Шағымдар сайлау күнінен бұрын бес күн ішінде немесе сайлау күні шұғыл қаралуы тиіс.⁴⁸ Бүгінге дейін, ОСК 72 өтініш пен сегіз шағымды қабылдады және қарастырды.⁴⁹

Жоғарғы сот ОСК шешімдеріне, әрекетіне немесе әрекетсіздіктеріне қатысты шағымдар мен өтініштерді қабылдайды. Кандидаттарды тіркеу немесе тіркеуден бас тарту туралы шағымдар мен өтініштер ОСК шешімін Жоғарғы сотқа жібергеннен кейін, соңғы шешім шығару үшін он күн ішінде қарастырылады. Жоғарғы сотқа кандидаттарды тіркеу туралы үш өтініш келіп түсті.⁵⁰

Сайлаудың соңғы нәтижелері Конституциялық Кеңеске хабарландыру жарияланған күннен бастап он күн ішінде шағымдана алады. Аталмыш құқық тек президент, парламенттің екі палатасының төрағалары, парламенттің кем дегенде бестен бір мүшесіне немесе Премьер-Министрге беріледі.

Сайлау заңнамасын бұзу туралы шағымдар мемлекеттік прокуратураға немесе сотқа бес күн ішінде қарастырылуға жіберіледі. Прокурорлар сайлау заңнамасының сақталуын белсенді түрде бақылайды.⁵¹ Сайлау комиссиясының өтініштері бойынша құқық қорғау органдары үш

⁴⁶ Телеарналар: *Хабар ТВ, Қазақстан ТВ* (мемлекет тарапынан қаржыландырылатын телерадиотаратушы компаниялар), *Еуразия Бірінші арнасы* (негізінен мемлекет тарапынан қаржыландырылатын телерадиотарату компания), *31 Арна* және *КТК* (жеке-меншік арналар). Радио: *Қазақ Радиосы* (мемлекет тарапынан қаржыландырылатын). Газеттер: *«Егемен Қазақстан»* және *«Қазақстанда Правда»* (мемлекет тарапынан қаржыландырылатын), *«Литер»*, *«Время»*, *«Жас Алаш»* (жеке-меншік газеттер). Электронды көздер: sputniknews.kz, tengrinews.kz, және www.zakon.kz

⁴⁷ Шағым екі органға бір уақытта түскен жағдайда, сайлау комиссиясы сот шешімін күшіне енгенге дейін барлық үрдістерді тоқтатуы тиіс.

⁴⁸ Сайлау комиссиясы шағым түскен күні сайлаушылар тізіміне енгізуге қатысты шағымдар мәселесін шешуі керек және олардың шешімдері ілгерідегі сотта қарастырылуға жарамды болып табылады.

⁴⁹ Кандидаттарды тіркеу барысында жалпы саны 35 және науқан басталған уақыттан бастап 45 өтініш қабылданды. Олардың басым көпшілігі сайлау үрдісін басқару (28), өзін-өзі ұсыну бойынша өтініш (23) және заңды түсіндірмеге сұратымдарға (20) қатысты болды. ОСК өтініштерге жауап ретінде заңнамалық ережелерді түсіндірді. Сегіз шағымның алтауы кандидаттарды тіркеуге, сайлау үрдісін басқару мен науқанға қатысты; кандидаттарды тіркеуге қатысты екі шағым сот шешіміне дейін тоқтатылды.

⁵⁰ Кандидаттарға қатысты Конституциялық шектеулерге қатысты екі іс қозғалды, олардың бірі сот қараушылығына жатпағандықтан болса, екіншісі қазіргі уақытта сотта қарастырылуда. Үшінші шағым тіл емтиханын бағалау және емтихан нәтижелері жарияланған соң, кандидат Жұматай Алиевтің беделіне нұқсан келуіне қатысты түсті. Үш сот отырысы болды, олардың бірі қоғамдық емес және ЕЫҚҰ/ДИАҚБ бақылаушылары үшін жабық болды, сондай-ақ, шағым қабылданған жоқ.

⁵¹ 18 мамырда прокуратура сайлау үрдісіне қатысты үш сот ісін қозғады. Олардың екеуі қоғамдық пікірге сұрау алуды өткізуге байланысты ережелердің бұзылуына қатысты. Ал біреуі Nur.kz жаңалықтар порталына қарсы 13 мамырда Алматы мамандандырылған ауданаралық сотында қаралып, нәтижесінде әкімшілік айыппұл салынды. Тағы бір іс шағым түскен күні сот шешімін күтті. Нұр-Сұлтан қаласының

күн ішінде сайлау туралы заңды бұзушылыққа қатысты шағымдарды қарайды немесе сайлау күні немесе одан бес күн бұрын қабылданған болса шұғыл қарайды.

XII. АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАҚЫЛАУШЫЛАР

Сайлау туралы заң азаматтық және халықаралық бақылаушылардың жұмысын қарастырады. Азаматтық бақылаушыларды қоғамдық бірлестіктер мен коммерциялық емес ұйымдар тағайындай алады. Сайлау үрдісін басқаруда ресми аккредиттеу белгіленбеген.⁵² Кандидаттар мен тіркелген саяси партиялардың әрбір сайлау учаскесінде бір сенімді тұлғасы болады. Бірқатар азаматтық қауымдастықтар елдің бірнеше облыстарында бақылаушыларды орналастыратындығын айтып, ЕЫҚҰ/ДИАҚБ СБМ-ді хабардар етті.

Халықаралық бақылаушыларды ОСК аккредиттейді. Осы уақытқа дейін ОСК ЕЫҚҰ/ ДИАҚБ, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) және оның Парламентаралық ассамблеясының, сондай-ақ, Ислам ынтымақтастық ұйымының бақылаушыларын аккредиттеген.

XIII. ЕЫҚҰ/ДИАҚБ СБМ ҚЫЗМЕТІ

ЕЫҚҰ/ДИАҚБ СБМ өз қызметіне 8 мамыр күні Нұр-Сұлтан қаласында кірісті. Миссия басшысы Сыртқы істер министрімен, ОСК төрағасымен, президенттікке кандидаттармен және саяси партиялардың өкілдерімен, тұрақты халықаралық қауымдастық өкілдерімен кездесті. Сонымен қатар, ЕЫҚҰ/ДИАҚБ СБМ БАҚ өкілдерімен, азаматтық қауымдастықтармен, заңды және құқық қорғау органдарымен, сондай-ақ, сайлауға мүдделі басқа да тараптармен байланыс орнатты. ЕЫҚҰ/ДИАҚБ СБМ Парламенттік ассамблеясы бақылаушылар делегациясын сайлау күні бақылау мақсатымен жіберетіндігі жайында жариялады.

***Есеп мәтінінің ағылшын тіліндегі нұсқасы жалғыз ресми нұсқа болып табылады.
Есеп мәтінінің қазақжәне орыс тілдеріндегі бейресми нұсқалары бар.***

прокуратурасы көтерген үгіт-насихат материалдарының жойылуына қатысты іске Есіл аудандық соты әкімшілік айыппұл салды. Бүгінде, сайлауға туралы заңнама ережелерінің бұзылуына қатысты 22 іс қозғалды.

⁵² Азаматтық бақылаушыларға ұсынылған ұйымдардан хат алу талап етіледі.